

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Уялы телефон
FinePower BA245



Құрметті сатып алушы!

Сізге «Finerpower» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бұйымдарды қуана ұсынамыз. Телефонды пайдалануды бастар алдында, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ телефонды дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз, телефонды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы

Ұялы телефон қоңырауларды қабылдауға және шалуға, сондай-ақ мәтіндік хабарламаларды қабылдауға және жіберуге арналған.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

Телефонды және оның барлық толымдауыш бөлшектерін балалардан алыс ұстаңыз.

Телефонды сұйықтықтардан алыс жерде құрғақ күйінде сақтаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталуды немесе электр платаларының тоттануын тудыруы мүмкін.

Телефонда шаңның, ластың, құмның, тамақ өнімдерінің немесе басқа да жөнсіз материалдардың жиналуына жол бермеңіз.

Сұйық немесе аэрозоль тазалау құралдарын пайдаланбаңыз. Қажет болған кезде телефонның сыртын тазалаңыз, шаңды жою үшін түгі жоқ жұмсақ, құрғақ матаны пайдаланыңыз. Тазалағыш құралдарды (құрамында спирт бар, аэрозольді, абразивті және т.б.) пайдаланбаңыз

Телефонды қоршаған ортаның тиісті жағдайында пайдаланыңыз. Оны -10° С-ден төмен емес және 45° С-ден аспайтын, тым жоғары немесе тым төмен температураға ұшырауына жол бермеңіз, өйткені бұл телефонның батареясы мен пластикалық бөліктеріне зақым келтіруі мүмкін, сондай-ақ электр тақталарының қызмет ету мерзімін қысқартады.

Егер сіз құрылғыны бір ортадан екінші ортаға өткізсеңіз және температура мен/немесе ылғалдылықта үлкен айырмашылық болса, телефонның бетінде немесе ішінде конденсат пайда болуы мүмкін. Құрылғының сынып қалуын болдырмау үшін құрылғыны пайдаланудың алдында ылғалдың булануына жол беріңіз. Телефонды лақтырмаңыз, өйткені соның салдарынан ішкі электр схемасы немесе басқа дәлдігі жоғары толымдауыш бөлшектер істен шығуы мүмкін.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі

Ешбір жағдайда ұялы телефонды автомобильді басқару кезінде пайдаланбаңыз. Қоңырау жасау үшін гарнитураны пайдаланыңыз.

Әуе кемесіндегі қауіпсіздік

Әуе кемесі бортында болған кезіңізде, телефонды пайдаланбаңыз. Ұялы желі сигналдары навигация жүйесі үшін кедергі тудыруы мүмкін.

Телефонды қауіпті аймақтарда сөндіру

Телефонды жарылу қаупі ықтимал жерлерде немесе тез тұтанатын объектілер бар жерлерде (мысалы, жанармай құю станцияларында, отын қоймаларында, сондай-ақ химиялық зауыттарда) сөндіріп жүріңіз.

Арнайы қағидаларды сақтау

Ауруханаларда және басқа қоғамдық орындарда телефонды пайдалану қағидаларын сақтаңыз. Назар аударыңыз, телефон медициналық жабдыққа (мысалы, есту аппараттарына) кедергі жасауы мүмкін.

Қызмет көрсету

Ешқашан телефонды өзіңіз бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз. Оны арнайы рұқсат берілген адам орындауы тиіс. Бұл шартты бұзу телефонды дайындап шығарушының кепілдік міндеттемелерінің күшін жояды.

Басқа құрылғыларға қосылу

Телефонды қандай да бір құрылғыға қосар алдында, нұқсаулықпен мұқият танысып алыңыз. Ешқашан осы мақсатқа арналмаған жабдықты телефонға қоспаңыз.

Шұғыл қоңырау

Шұғыл қоңырау жасау үшін телефонның қосулы екеніне және қандай да бір оператор желісінің қамту аймағында тұрғанына, қоңырау функциясы істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Дәл осылайша, қоңырау шалу үшін кәдімгі телефон нөмірін теретініңіздей, шұғыл қоңырауға арналған 112 нөмірін теріп, қоңырау батырмасын басыңыз. Шұғыл қызметтің қызметкеріне қайда тұрғаныңызды және не болғанын түсіндіріңіз.

Аккумуляторлы батареямен жұмыс істеу жөніндегі ұсынымдар (Li-pol/Li-ion)


Құрметті пайдаланушы! Назар аударыңыз, сатып алған құрылғыңыз қуат көзі ретінде литий негізінде өз құрамында аккумуляторды пайдаланады. Төменде көрсетілген ақпаратпен мұқият танысуыңызды өтінеміз. Бұл Сізге аккумуляторыңыздың қызмет мерзімін ұзартуға және оны пайдаланған кезде қолайсыз салдарды болдырмауға көмектеседі.



АКБ табиғи тозуы

Құрылғыны ұзақ сақтаған және пайдаланған кезде аккумулятор (бұдан әрі мәтін бойынша – «АКБ») заряд пен сыйымдылықты жоғалту қасиетіне ие болады. Құрылғыны пайдалану кезінде 300 зарядталу-зарядсыздану циклінен кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдалану), АКБ сыйымдылығы номиналды мәнінен 80 %-ке дейін төмендеуі мүмкін. 400 зарядталу-зарядсыздану циклінен кейін АКБ сыйымдылығы номиналды сыйымдылығының 60%-іне дейін төмендеуі мүмкін. Сыйымдылықтың көрсетілген шектерде және уақыт кезеңдерінде ішінара төмендеуі – бұл ақаулық болып табылмайтын АКБ табиғи тозуы.

Аккумулятордың сыйымдылығы және зарядталу-зарядсыздану циклдерінің саны



АКБ тіпті құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да зарядын жоғалтады. Зарядтың өздігінен таусылуы айына шамамен 5%-ті құрайды. АКБ өз құрылысы бойынша ұзаққа шыдамайды және олардың пайдаланылатынына немесе пайдаланылмайтынына қарамастан, үнемі деградацияға ұшырайды. Температура неғұрлым жоғары болса және зарядтың шамасы 40 %-ке тең болып саналатын «оңтайлы» мәнінен неғұрлым алыс болса (сақталуы тұрғысынан), осы деградация соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса да, зарядты 40-50 % деңгейінде ұстап тұрған жөн.

Аккумуляторлық батареяның зарядталу-зарядсыздану қабілетін оған кіріктірілген контроллер басқарады. Түпнұсқа жиынтық құрамына кірмейтін сыртқы зарядтау құрылғыларына мәжбүрлі түрде «тез зарядтау» режимдеріне қосуға мүлде болмайды, өйткені зарядтау мен зарядсыздандыру токтары шектелген.

АКБ-ның «жад әсері» деп аталатын қасиеті жоқ. АКБ зарядсыздандыруды/зарядтауды кез келген заряд деңгейінен бастауға болады. Құрылғылардың көбінде зарядталу/зарядсыздану дәрежесі бойынша шектеу қойылған – егер, мысалы, заряд 90 %-тен көп болса, контроллер АКБ зарядталуына мүмкіндік бермеуі мүмкін. Сондай-ақ ол АКБ элементтерінің («қатты зарядсыздану» әсерінен) істен шықпауына кедергі келтіре отырып, оның толығымен зарядсыздануына мүмкіндік бермейді. Егер АКБ зарядсызданған күйінде 2 апта және одан көп уақыт болса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі орын алады, соның салдарынан АКБ-ның өзі істен шығады.

Егер АКБ құрылғысының заряды таусылған болса және біраз уақыт бойы пайдаланылмаған болса, құрылғыны қайта пайдалану алдында оны шамамен 1-2 сағатқа ЗҚ-ға қосып қою қажет.

Тек түпнұсқа зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз.

1. Зарядтау алдында батареяны телефонға салыңыз.
2. Зарядтау құрылғысын телефонға қосыңыз.
3. Зарядтау құрылғысының айырын розеткаға салыңыз.
4. Батарея заряды деңгейінің индикаторы батарея толық зарядталмайынша жыпылықтап тұратын болады.
5. Зарядтау кезінде батарея, әдетте, қызады, бұл – қалыпты жағдай.

Назар аударыңыз: зарядтау құрылғысы тиісті ағытпада тұрғанына көз жеткізіңіз.

Әйтпесе телефон зарядталмайды. Желідегі кернеу деңгейі мен қуат зарядтау құрылғысының номинал кернеуі мен қуатына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер батареяның заряды толығымен таусылса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болғанша белгілі бір уақыт өтеді. Осыдан кейін телефонды пайдалана аласыз.

Температуралық режимді сақтаңыз.

АКБ зарядталған күйінде +15 °C-ден +35 °C-ге дейінгі температурада сақталуы тиіс.

АКБ қоршаған орта температурасы өте жоғары (+50 °C-тан жоғары) және өте төмен (-30 °C-тан төмен) болған кезде ұзақ уақыт пайдалануға шыдамайды. Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз, сондай-ақ оны жылу көздеріне, мысалы, электр жылытқыштарға тікелей жақын жерге қалдырмаңыз.

Зақымдану іздері бар АКБ-ларды бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз.

Ешбір жағдайда АКБ-ны өзіңіз бөлшектемеңіз және олардың элементтерін өзіңіз зарядтамаңыз, мұны білікті мамандар жасауға тиіс. Элементтердің тесілуі немесе майысуы ішкі қысқа тұйықталуға, кейін тұтануға және жарылуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусы ашылған кезде, элементтің ішіне су түсуі мүмкін немесе атмосфералық ылғал сұйықталуы мүмкін, бұл сүтегі бөліп шығаратын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін. Зақымдалған АКБ адамның денсаулығы үшін зиянды заттар бөледі.


АКБ штаттық режимде жұмыс істеуін тоқтатқан, қандай да бір себеппен пішіні өзгерген (ісініп кеткен, солып қалған) жағдайда, авторландырылған сервис орталығына дереу хабарласу керек. **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** батареяның жұмыс уақыты желі баптауларына (Wi-Fi, 3G, LTE) және басқа да көптеген факторларға (орталық процессорға жүктеме, қатқыл диск, LCD дисплейінің жарықтығы және т.б.)

және біршама уақыт өткен соң ауыстыруды талап етуі мүмкін (кепілдік талондағы АКБ-ға арналған шектеулі кепілдік шарттарды қараңыз). АКБ-ның жұмыс уақыты пайдалану режиміне және баптауларға байланысты болады.

Батареяның оңтайлы жұмыс істеуі үшін мынадай ережелерді сақтаңыз:

- Телефонды жеткізу жиынтығынан тек қана батареяны пайдаланыңыз. Аккумулятор батареясын басқа түрдегі (сәйкес келмейтін) батареяға ауыстыру, батареяны дұрыс орнатпау телефонның бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Батареяны шығарар алдында телефонды сөндіріңіз.
- Егер батарея жаңа болса немесе ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, зарядтау процесі әдеттегіден көбірек уақыт алуы мүмкін. Егер батареяның кернеуі телефонды қосу үшін жеткіліксіз болса, батареяны ұзағырақ зарядтаңыз. Егер батареяның заряды толығымен таусылса, дисплейде зарядтау индикаторы пайда болғанша белгілі бір уақыт өтеді.
- Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Егер батарея жағымсыз иіс шығарса немесе қызып кетсе, тез арада оны зарядтауды тоқтатыңыз.
- Телефон USB кабелі арқылы компьютерге қосылғанда, оны ешқандай жағдайда зарядтамаңыз. Бұл компьютердің де, телефонның да жарамсыздығына әкелуі мүмкін.

Құрылғының схемасы



1. Құлаққаптарды қосуға арналған ағытпа.
2. Қолшам.
3. Сөйлеу динамигі.
4. Сол жақтағы функционалдық батырма.
5. Оң жақтағы функционалдық батырма.
6. «OK»/Енгізу батырмасы.
7. Қоңырауды қабылдау батырмасы.
8. Қоңырауды қабылдамау батырмасы / қосу/сөндіру батырмасы.
9. Пернетақта.
10. Зарядтау құрылғысын қосуға арналған ағытпа.
11. Камера.
12. Динамик.
13. Навигация пернелері.

Қоңырауды қабылдау батырмасы

Батырма нөмірді теру немесе қоңыраулар журналындағы байланысатын адамды таңдау үшін қызмет етеді. Сондай-ақ осы батырманы басып, кіріс қоңырауды қабылдауға болады.

Қоңырауды қабылдамау батырмасы / қосу/сөндіру батырмасы

Осы батырманы басып, сөйлесуді аяқтауға немесе шығыс қоңырау болған жағдайда, нөмірді теруді тоқтатуға болады. Егер осы батырманы 2-3 секунд ұстап тұрса, онда телефон сөндіріледі/қосылады.

Навигация батырмалары

Бұл батырмалар навигация үшін, бас мәзірдің функциялар тізімін немесе телефон кітабының байланыстарын парақтау үшін пайдаланылады.

Оң және сол жақ функционалдық батырмалар

Осы батырмалардың функциялары экранның астыңғы оң және астыңғы сол жақ бөліктерінде көрсетілген.

OK/Енгізу батырмасы

Бұл батырма таңдауды растайды.


Жұмыстың басталуы

SIM-картаны орнату

SIM-карта Өз телефон нөміріңіз, PIN-код (пайдаланушының дербес коды), PIN2-код, PUK-код (PIN-кодты бұғаттан шығарудың жеке коды), PUK2код (PIN-кодты бұғаттан шығарудың жеке коды), IMSI сәйкестендіргіші (мобильді байланыс абонентінің халықаралық сәйкестендіргіші), желі туралы ақпарат, Сіздің телефон кітабыңыздан байланыс деректері және мәтіндік хабарламалар сияқты осындай маңызды ақпаратты қамтиды. Сіз телефонды сөндіргеннен кейін, SIM-картаны салар алдында немесе шығарар алдында бірнеше секунд күте тұрыңыз. SIM-картаны неғұрлым абайлап ұстаңыз, өйткені SIM-картаның өзі және оның түйіспелері өте оңай бүлінуі немесе майыстырылуы мүмкін. Телефонды, оның аксессуарларын, сондай-ақ SIM- картаны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

БМ-картаны орнату үшін:

1. Қоңырауды қабылдамау/іс-қимылды аяқтау батырмасын бірнеше секунд ұстап тұрып, телефонды сөндіріңіз.
2. Телефонның артқы қақпағын ашыңыз.
3. Аккумулятор батареясын шығарыңыз.
4. SIM-картаны слотқа түйіспелерін төмен қаратып, кесілген шеті SIM-картаға арналған слоттың тиісті жағына сәйкес келетіндей етіп салыңыз.
5. Батареяны орнына қойыңыз.
6. Артқы қақпақты ақырын жабыңыз.



Жад картасын орнату

Жад картасы - телефон ішіндегі ақпаратты сақтауға арналған кіріктірілетін құрылғы.

Жад картасын орнату үшін, оны слотқа алтын түсті түйіспелерін төмен қаратып салыңыз. Жад картасын шығару үшін оны слоттан жайлап шығарыңыз.

Кодты пайдалану

Телефон мен SIM-картаның қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және құрылғының рұқсат етілмеген пайдаланылуын болдырмауға арналған көптеген паролі болуы мүмкін. Сұрату кезінде парольді енгізіңіз, одан кейін растау батырмасын басыңыз. Дұрыс емес парольді енгізгенде жаңа парольді енгізер алдында дұрыс емес парольді жою үшін оң жақтағы функционалдық батырманы басыңыз.

Телефонды бұғаттау

Телефонды бұғаттау паролі құрылғыны рұқсатсыз пайдалануды болдырмау үшін пайдаланылады. Әдепкі құпиясөз - 1234. Құрылғының әртүрлі функцияларын пайдалану үшін телефонды бұғаттағаннан кейін, бұғаттаудан шығару үшін, Сізден парольді енгізу талап етіледі.

PIN-код

PIN-код (4-8 цифрдан тұратын пайдаланушының дербес коды)

Сіздің SIM-картаңызға рұқсатсыз кіруді болдырмау үшін пайдаланылады. Әдетте, P[^]INкодты ұялы байланыс операторы SIM-картамен бірге ұсынады.

Егер P[^]-кодты тексеру функциясы белсендірілген болса, телефонды әр қосқан кезде Сізге осы PIN-кодты енгізу талап етіледі.

Бұғаттан шығару:

- SIM-картаны бұғаттан шығару үшін, дұрыс PUK-кодты енгізіңіз.
- Жаңа PIN-кодты енгізіңіз және ОК растау батырмасын басыңыз.
- Жаңа PIN-код тағы бір рет енгізіңіз және ОК растау батырмасын басыңыз.
- Егер Сіз дұрыс PUK-кодты енгізсеңіз, SIM-карта бұғаттан шығарылатын болады, ал PIN-код нөлге айналады.

Назар аударыңыз: дұрыс емес PIN-кодты үш рет енгізгеннен кейін SIM-карта бұғатталады. SIM- картаны бұғаттан шығару ұялы байланыс операторы ұсынатын PUK-кодтың көмегімен жасалады.

PUK-код

PUK-код (PIN-кодты қалпына келтіру үшін пайдаланылатын пароль, 8 цифр) бұғатталған SIM-картаны бұғаттан шығару үшін пайдаланылады және әдетте, оны ұялы байланыс операторы SIM-картамен бірге ұсынады. Басқа жағдайда Өзіңіздің ұялы байланыс операторыңызға хабарласыңыз. Дұрыс емес PUK-кодты қатарынан 10 рет енгізген жағдайда, SIM-карта біржолата бұғатталады. SIM-картаны ауыстыру үшін, өзіңіздің ұялы байланыс операторыңызға хабарласыңыз.

Қоңырауларға тыйым салу паролі

Қоңырауларға тыйым салу функциясын белсендіру үшін, қоңырауларға тыйым салу паролін пайдалану қажет. Осы паролді алу және функцияны пайдалану үшін, Өзіңіздің ұялы байланыс операторыңызға хабарласыңыз.

Телефонды қосу/сөндіру

Телефонды қосу үшін қоңырауды қабылдамау/әрекетті аяқтау батырмасын біршама уақыт басып ұстап тұрыңыз. Экранда қуатты қосу анимациясы пайда болады.

Телефонды бұғаттау паролін енгізіп (қажет болған кезде), растау үшін ОК батырмасын басыңыз. PIN-кодты енгізіп (қажет болған кезде), растау үшін ОК батырмасын басыңыз. PIN-кодты Сіздің желі операторыңыз береді.

Телефонды сөндіру үшін қоңырауды қабылдамау/әрекетті аяқтау батырмасын басып ұстап тұрыңыз.

Желіге қосылу

Сіз SIM-картаны салып, телефонды бұғаттан шығарған соң, телефон автоматты түрде қолжетімді желіні табады. Бұдан кейін телефон белсенді пайдалану режиміне ауысады. Экранда пайдаланылатын желінің аты көрінеді. Сіз шығыс қоңырауларды жүзеге асыра аласыз және кіріс қоңырауларды қабылдай аласыз.

Гарнитураны пайдалану

Сіз гарнитураны қосқан соң, телефон автоматты түрде дауыс бейінін қолдау режиміне өтеді.

Ақпаратты енгізу

Телефон мәтіннің ағылшын мен орыс тілдерінде енгізілуін және цифрлық енгізуді (телефон кітабындағы ақпаратты редакциялау, мәтіндік хабарламалар, белгілер жазу) қолдайды.

Енгізу батырмалары

Енгізу режимі пайдаланатын мәтінді енгізу/редакциялау режимінде: «123» - санды енгізу, ағылшын тілінде - «ABC, Abc, abc», орыс тілінде - «АБВ, Абв, абв» деп белгіленеді.

Енгізу режимдерін ауыстыру

Мәтінді енгізу/редакциялау режимінде енгізу режимдерін арасында ауыстыру үшін «#» пернесін басыңыз.

Сандарды енгізу

Енгізудің осы әдісін пайдалану кезінде, Сіз қажетті цифрлық мәндерді енгізе аласыз.

Тілдік және сандық енгізу

Әріптер мен цифрлардың сәйкестігі кестеде көрсетілген:

Шақыруды	Символ немесе функция
1	, . - ? ! ` @ \$: # / _ 1
2	ABCabc2АБВГабвг
3	DEFdef3ДЕЁЖЗдеёжз
4	GHIghi4ИЙКЛийкл
5	JKLjkl5МНОПмноп
6	MNOmno6РСТУрсту
7	PQRSpqrs7ФХЦЧфхцч
8	TUVtuv8ШЩЪЫшщъы
9	WXYZwxyz9ЬЭЮЯьюя
0	Бос аралық немесе 0
#	Енгізу режимін ауыстыру
Сол жақтағы навигация батырмасы	Сол жаққа ауыстыру
Оң жақтағы навигация батырмасы	Оң жаққа ауыстыру
Батырманың сол жақтағы функциясы	Мәнмәтіндік мәзір
Батырманың оң жақтағы функциясы	Енгізілген символдарды жою
Шақыруды аяқтау батырмасы	Күту режиміне оралу.

Ақпаратты енгізу:

Батырманың әрқайсысы белгілі бір символға немесе әріпке сәйкес келеді, Сіз Өзіңізге керекті әріп немесе символ көрінбейінше, батырманы қажетті рет санымен басуыңыз керек.

Сіз «#» батырмасын басып, енгізу режиміне ауыстыра аласыз.

Бос аралық үшін тілдік енгізуді таңдап, 0 басыңыз.

Символды немесе әріпті жою үшін, оң жақ функционалдық батырманы басыңыз.

Символдарды қосу

Символды қосу үшін «*» батырмасына басыңыз (навигациялық батырмалардың көмегімен қажетті символды таңдаңыз).

Мәзір

Байланыстар

Телефон нөмірлері SIM-картада немесе телефонның жадында (телефон кітабында) сақталады. Телефонда 500 байланысқа дейін сақталуы мүмкін. SIM-картада сақтауға болатын нөмірлер саны SIM-картаның операторына тәуелді.

Телефон кітабындағы жазбалар алфавит ретімен орналасады. Байланысқа өту үшін телефон кітабындағы байланысатын адам атының бірінші әрпін енгізіңіз. Ұсынылған тізімнің ішінен нақты байланысатын адамды таңдау үшін, жоғары/төмен батырмаларын қолданыңыз. Топтарды (отбасы, достар, жұмыс, кластастар) қарау үшін, телефон кітабынан «Байланыстар тобы» мәзірін ашыңыз. Назар аударыңыз: телефон жадына байланысатын адамды жазу кезінде байланысатын адам атының ұзындығы 20 символмен шектелген. Жылдам теру:SIM-картаның жылдам теру тізімін редакциялауға мүмкіндік береді.

Хабарламалар

Егер телефонның жады хабарламалармен толған болса, экранның үстіңгі бөлігінде хабарлама белгісі жыпылықтай бастайды. Жаңа хабарламалар алу үшін бұрын алынған хабарламалардың бір бөлігін жою қажет.

Егер адресат Сіз оған жіберген хабарламаны алса, ал Сіздің телефоныңызда хабарламаның жеткізілгені туралы хабарламаның сұрауы реттелген болса, Сіз хабарламаның жеткізілгені растайтын дыбыс хабарламаны естисіз.

Хабарлама жазу

Бұл бөлімде Сіз жаңа мәтіндік хабарламаны жаза аласыз.

Кіріс хабарламалар

Бұл бөлімде Өзіңіз алған барлық хабарламалар орналасады.

Шығыс хабарламалар

Бұл бөлімде Өзіңіз жазған, бірақ жібермеген барлық хабарламалар сақталады.

Шимай жазбалар

Бұл бөлімде жіберілмеген хабарламалардың шимай жазба нұсқалары сақталады.

Жіберілген хабарламалар

Бұл бөлімде Өзіңіз жіберген барлық хабарламалар сақталады.

Үлгілер

Бұл бөлімде Сіз жиі пайдаланатын хабарлама үлгілерін сақтай аласыз.

Қоңыраулар журналы Жіберіп алған шақырулар

Мәзірдің осы тармағында Сіз барлық жіберіп алған қоңыраулар жөнінде ақпаратты таба аласыз. Егер Сіз телефонның экранында жіберіп алған қоңырау туралы ақпаратты көрсеңіз, Сіз «Қарау» опциясын таңдай аласыз, содан кейін бірден жіберіп алған қоңыраулар туралы ақпараты бар бөлімде боласыз. Бұл жерде Сіз жоғары/төмен батырмаларының көмегімен жіберіп алған шақырулар тізімін қарай аласыз, керекті жазбаны таңдай және «Қоңырау соғу» опциясын таңдап, абонентке қайта қоңырау соға аласыз.

Шығыс шақырулар

Бұл бөлімде Сіз жоғары/төмен батырмаларының көмегімен шығыс шақырулар тізімін қарап шыға аласыз және керекті жазбаны таңдай аласыз. Қолжетімді опциялар тізімі: Қоңырау шалу, Өзгерту, Хабарлама жазу, Жою, Нөмірді сақтау.

Кіріс шақырулар

Бұл бөлімде Сіз жоғары/төмен батырмаларының көмегімен кіріс шақырулар тізімін қарап шыға аласыз және керекті жазбаны таңдай аласыз. Қолжетімді опциялар тізімі: Қоңырау шалу, Өзгерту, Хабарлама жазу, Жою, Нөмірді сақтау.

Қоңыраулар журналын тазалау

Сіз барлық соңғы шақырулар туралы ақпаратты жоя аласыз.

Шақырулардың ұзақтығы

Осы функцияның көмегімен Сіз барлық шығыс және кіріс шақырулардың ұзақтығын, соңғы шақырудың ұзақтығын көре аласыз. Сіз есептегішті де нөлге айналдыра аласыз.

Баптаулар

Телефон

Уақыты мен күні: күнді, уақытты, олардың форматын баптау.

Ескертпе: егер сіз батареяны телефоннан шығарсаңыз немесе егер батарея ұзақ уақыт зарядталмаса, күн мен уақыт баптаулары қате болады, сол себепті Сіз батареяны телефонға қойғаннан немесе батареяны зарядтағаннан кейін Сізге күн мен уақытты қайта орнатуға тура келеді.

Тілдік баптаулары: мәзірдің және енгізу тілін таңдау.

Экран: осы мәзірде күту режимімен экранға күн мен уақытты көрсетуді қосуға/сөндіруге, тұсқағазды ауыстыруға, жарықтығын, пернетақтаның жарықтандырылуын және т.б. ретке келтіруге болады.

Пернетақтаны автоматты түрде бұғаттау: Сіз пернетақтаны автоматты түрде бұғаттау уақытын - 15 сек., 30 сек., 1 мин., 5 минут таңдай аласыз немесе пернетақтаны бұғаттау сөндірулі болуы мүмкін.

Шақыру баптаулары

Шақыруды күту: бұл функция Сіздің телефоныңыздың ағымдағы мәртебесі (Қосулы/Сөндірулі) туралы желінің сұратуы үшін пайдаланылады. Кейінге қалдырылған шақыру функциясын белсендірген кезде, телефон желімен жалғасатын болады. Аздаған үзілістен кейін желі жауапты жібереді және Сіздің әрекетіңізді растау үшін хабарлама жібереді. Ағымдағы сөйлесу уақытында кіріс шақыруын алған кездегі функцияны белсендірген соң, телефон дыбыс сигналын береді, ал дисплейде қоңырау соғушының нөмірі көрінеді.

Шақыруларға тыйым салу: бұл функция шығыс қоңырауларды бұғаттауға мүмкіндік береді. Осы функцияны белсендіргенде, Сізден ұялы байланыс операторы ұсынатын арнайы парольді енгізу талап етіледі. Опцияны таңдағаннан кейін «Қосу» немесе «Сөндіруді» таңдаңыз, парольді енгізу өтініші бар хабарламаны шығарады және сұрау жібереді. Біршама уақыттан соң, Сіз өз сұрауыңызға жауап аласыз. Тағы басқалар: Сіз телефонмен сөйлесу ұзақтығы туралы хабарламаны, автоматты қайта теруді, қосылған кездегі дірілді, кіріс қоңырауды қабылдамаған кезде мәтіндік хабарламамен жауап беруді орната аласыз.

Қауіпсіздік баптаулары

P[^]-код: Сіз телефонды қосқан кезде, PIN-кодты сұрау функциясын қоса/сөндіре аласыз.

Телефонға әр қосылған сайын, осы функцияны белсендірген жағдайда Сізге PIN- кодты енгізу қажет.

Дұрыс емес PIN-кодты үш рет енгізгенде, Сізге SIM-картаны бұғаттан шығару үшін PUK-кодты енгізу қажет. PUK-код PIN-кодты бұғаттан шығару және өзгерту үшін пайдаланылады. PUK-кодты жоғалтып алған жағдайда, Өзіңіздің ұялы операторыңызға хабарласыңыз. PIN2-кодты өзгерту: Сіз PIN2-кодты өзгерте аласыз. Телефонды бұғаттау: Сіз осы функцияны қоса аласыз/сөндіре аласыз. Осы функцияның көмегімен Сіз өз телефоныңызды бұғаттай аласыз/ бұғаттан шығара аласыз. Бұл үшін телефонды бұғаттау паролін енгізу керек. Егер телефон бұғатталған болса, телефонды қосқан кездее, бұғаттан шығару үшін, Сізден парольді енгізу талап етіледі. Әдепкі пароль 1234.

Телефонның паролін өзгерту: Сіз әдепкі парольді өзгерте аласыз.

Баптауды қалпына келтіру

Сіз Өзіңіз орнатқан барлық баптауларды жоя аласыз. Әдепкі код 1234.

Аудиоплеер

Бұл функция аудио файлдарды тыңдауға мүмкіндік береді. Басқару навигация батырмаларымен жүзеге асырылады: қайта жаңырту /қайта жаңғыртуды тоқтату (ОК батырмасы), алдыңғы файлға оралу/келесісіне өту (солға және оңға навигациясының батырмасы), жедел алға айналдыру (оңға навигациясының батырмасын басу және ұстап тұру), жедел артқа айналдыру (солға навигациясының батырмасын басу және ұстап тұру). Дауысты ұлғайту немесе азайту үшін «#» және «*» батырмаларын пайдаланыңыз.

Менің файлдарым

Телефон жады картасын (сыйымдылығы 32 Гб дейін) қолдайды. Жады картасында және телефонда файлдарды басқару үшін Сіз файлдар диспетчерін пайдалана аласыз.

Оператордың мәзірі

Бұл функцияны Сіздің ұялы операторыңыз ұсынады, сондықтан SIM-мәзір әртүрлі көрінуі мүмкін (операторға байланысты). Егер оператор мұндай қызметті көрсетпесе, өкінішке орай, Сіз бұл функцияны пайдалана алмайсыз. Неғұрлым толық ақпарат алу үшін Өз операторыңызға хабарласыңыз.

Мультимедиа Галерея

Сіз осы функцияның көмегімен жады картасында орналасқан суреттерді қарап шыға аласыз. Суретті таңдау навигация батырмасымен жүзеге асырылады, ал сол жақ функционалдық батырманы басып, редакциялауды бастауға болады. Суретті бастапқы қалпына қайтару үшін оң жақ функционалдық батырманы пайдаланыңыз.

Бейнекамера

.3gp форматында бейнені жазуға мүмкіндік береді.

Бейнеплеер

Бұл функция бейне файлдарды көріп шығуға мүмкіндік береді. Басқару навигация батырмасының көмегімен жүзеге асырылады: қайта жаңғырту/ірікіліс (ОК батырмасы), алға қайта айналдыру (оңға навигациясы батырмасын басу және ұстап тұру), артқа қайта айналдыру (солға навигациясы батырмасын басу және ұстап тұру). Дауысты ұлғайту немесе азайту үшін «#» және «*» батырмаларын пайдаланыңыз.

Диктофон

Диктофон WAV және AMR форматында аудио файлдарды жазады.

Фотоаппарат

Телефонда камера бар, оның көмегімен сіз қалауыңызша, кез келген уақытта түсірілім жасай аласыз. Сіз суреттерді жады картасына ғана сақтай аласыз.

Органайзер

Күнтізбе

Ұнамды әрі көрнекі. Айларды қарап шығады. Оқиғаны оңай белгілеу. Оқиға белгіленген күндер басқа түспен бөліп көрсетілген.

Оятқыш

Бұл функция 5 оятқышты орнатуға мүмкіндік береді.

Әлемдік уақыт

Сіз өзіңіз тұрған сағат белдеуін таңдап, телефонға уақытты орната аласыз.

Bluetooth

Bluetooth технологиясының көмегімен Сіз кез келген үйлесімді құрылғымен сымсыз қосылуды орната аласыз. Сондай-ақ осы технологияның көмегімен Сіз кескін,, бейне, музыкалық және кез келген басқа файлдарды жібере аласыз. Алынған деректер сақтау қоймасында автоматты түрде сақталады.

Калькулятор

Калькулятор қоса ала, шегере алады, көбейте алады және бөле алады.

Қолшам

Сізге қараңғы түнде жолды іздеуге көмектеседі.

FM-радио

Бұл функция автоматты іздеу арқылы табылған радио арналарды немесе бұрын сақталған арналарды тыңдауға мүмкіндік береді. Басқару навигация батырмаларымен жүзеге асырылады: радионы қосу/ сөндіру - «Кіру» батырмасы, келесі/алдыңғы радиостанцияға өту - оңға/солға навигациясының батырмасы. Дауысты ұлғайту немесе азайту үшін «#» және «*» батырмаларын пайдаланыңыз.

Профильдер

Сіз өз телефоныңызға сәйкес келетін профильді таңдай аласыз: жалпы, дыбыссыз, діріл, көшеде, үй-жайда, құлаққап және Bluetooth. Сіз құлаққапты телефонға қосқанда, телефон автоматты түрде құлаққаптармен жұмыс режиміне ауысады; Bluetooth-гарнитурасын қосқан кезде, автоматты түрде Bluetooth режимі белсендіріледі.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Егер Сіз телефонның жұмысында ақауларды байқасаңыз, зауыттық баптауларды қалпына келтіріңіз және мына кестеге жүгініңіз. Егер Сіз ақаулықты өздігінен жоя алмасаңыз, өндірушіге немесе оның ресми өкіліне, немесе Өз желіңіздің операторына жүгініңіз.

Ақаулық	Себебі	Шешімі
SIM-картаның қатесі.	<i>SIM-карта зақымдалған.</i>	<i>Өз желіңіздің операторына хабарласыңыз.</i>
	<i>SIM-карта дұрыс салынбады.</i>	<i>SIM-картаның орналасуын тексеріңіз.</i>
	<i>SIM-картаның металл түйіспелері ластанған.</i>	<i>SIM-картаның түйіспелерін тазалаңыз.</i>
Желі сигналы әлсіз.	<i>Сигнал бұғатталады. Радио толқындарға жақын тұрған биік ғимарат кедергі жасап тұр немесе Сіз ғимараттың жер төле қабатында тұрсыз.</i>	<i>Сигналға ештеңе кедергі жасамайтын жерге өтіңіз.</i>
	<i>Қарбалас сағатта желіні қайта жүктеу.</i>	<i>Қарбалас сағатта телефонды пайдаланбауға тырысыңыз.</i>
Телефон қосылмайды.	<i>Батареяның заряды жеткіліксіз.</i>	<i>Батареяны зарядтаңыз.</i>
Қоңырауды жүзеге асыру мүмкін емес.	<i>Қоңырауларға тыйым салу белсендірілді.</i>	<i>Қоңырауларға тыйым салуды алып тастаңыз.</i>

Телефон желіге қосылмай тұр.	<i>SIM-карта жарамсыз.</i>	<i>Өз желіңіздің операторына хабарласыңыз.</i>
	<i>Телефон желінің қолданыс аясынан тыс жерде тұр.</i>	<i>Желінің қолданылу аясына өтіңіз.</i>
	<i>Желі сигналы әлсіз.</i>	<i>Жоғары сигналмен қолданылу аясына өтіңіз.</i>
Батарея зарядталмайды.	<i>Зарядтау кернеуі зарядтау құрылғысында көрсетілген кернеумен сәйкес келмейді.</i>	<i>Зарядтау кернеуі зарядтау құрылғысында көрсетілген кернеумен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.</i>
	<i>Сәйкес келмейтін зарядтау құрылғысы.</i>	<i>Телефоны бар жиынтықпен бірге келетін немесе өндіруші ұсынған зарядтау құрылғысын пайдаланыңыз.</i>
	<i>Нашар байланыс</i>	<i>Зарядтау құрылғысының ағытпасы телефонға тиісті түрде қосылғанына көз жеткізіңіз.</i>

Техникалық сипаттамалары

1. Үлгісі: BA245.
2. Қос стандартты SIM-карталар.
3. Қолдау көрсетілетін жиіліктер диапазоны: GSM 900/1800 МГц.
4. Экранның өлшемі: 2,4".
5. Телефон кітабы: 500 байланыс.
6. Bluetooth.
7. FM-радио
8. Мәтіндік хабарламалар.
9. Аккумуляторлық батарея, тип: литий-ионды 3000 мАсағ.

Сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы әлдебір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-ден 40 °С-ге дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты ұстауды қажет етеді, оны шаң, лас, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына бұйым мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына кәдеге жаратуға тапсырылуға тиіс. Осы өнімнің кәдеге дұрыс жаратылуын қамтамасыз етіп, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс қолданылмаған жағдайда, қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін залалдың алдын аласыз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: ЭйчКей Хаочэн Трэйд Лимитед.

3 қаб., А ғимараты, Хуэй Пу өнеркәсіптік паркі, Цэнь Ся тас жолы, Фу Юн, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,

Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»;
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары және жиынтықталуы пайдаланушыға алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.finerpower.ru



Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді.

Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілді қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығының шарттарына сәйкес пайдаланылған бұйымның кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс істен шыққан элементтерін уәкілетті сервис орталықтарының аумағында тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Ұялы телефон

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жиынтықтағы аккумулятор батареясы мен зарядтау құрылғысы

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Өзге жиынтық керек-жарақтар

Кепілдік мерзімі: 3 ай.

Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Сервис орталықтарының өзекті тізімі мына мекенжайда берілген:

<https://finepower.ru/page/dynamic/support/>

